

Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп - лицей
2024-2025оқу жылы бойынша
бір мезгіл ыстық тамақпен оқушылардың қамтылуы
және санитарлық - гигиеналық талаптардың
сақталуы туралы

АНЫҚТАМА

Білім және ғылым министрлігінің 2018жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын басшылыққа ала отырып, төмендегідей жұмыстар ұйымдастырылып, жүргізілуде.

2018жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларының 109 тармағын басшылыққа ала отырып, мектеп - лицей директорының бұйрығымен қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-аналар комитетінің төрағасы, мектеп әкімшілігі өкілдері, мектеп-лицей мейіркештерінің қатысуымен тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрылды. 2024- 2025 оқу жылына арналған тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның жұмыс жоспары бекітілді.

Бекітілген жұмыс жоспары бойынша асхана блогындағы қызметтің талапқа сай жұмыс жасауына комиссия мүшелері айына екі рет тамақтану сапасына мониторинг жұмыстарын жүргізеді. Тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларының 109 тармағына сәйкес тамақтануды ұйымдастыру кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес тамақтанудың тиісті жағдайлары қамтамасыз етіледі. Мектеп асханасындағы жұмыстың талап деңгейінде болуы, ыстық тамақтың талапқа сай берілуі және асханадағы материалдық құндылықтардың талапқа сай жұмыс жасауын комиссия мүшелері мерзімінде қадағалау жұмыстарын жүргізіп, тамақтану сапасына мониторинг актісі бойынша баға береді.

Жеке кәсіпкер «Панова Бақыттың» объектінің қолданыстағы талаптарға сәйкестігі туралы санитарлық - эпидемиологиялық қорытындысы бар. Ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиенасы мен медициналық тексеруден өткендігі туралы жеке медициналық кітапшалары мектеп - лицей мейіркештерінің қадағалауында. Асхана ыдыстарында жарықтары, сынығы бар, шеттері сынған ыдыстарды пайдалануға жол берілмейді. Қойма бөлмелеріндегі тамақ өнімдерінің талапқа сай тауар қоятын орындарда болатындығы қадағаланады. Сатуға тыйым салынған өнімдердің ас блогында сатылымда жоқ екендігі бақыланып отырылады.

Оқу жылының басында «Тамақтану айдары» бойынша мектеп - лицейіміздің ресми сайтына тамақтану сапасын мониторинг жүргізу

актісі, бекітілген 4 апталық ас мәзірі, хаттама енгізілді. Бұл жұмыс тоқсан сайын жалғасып отырылады.

2024-2025 оқу жылының I оқу тоқсанында 1-4 сынып бойынша 762 оқушы, әлеуметтік қолдауды қажет ететін аз қамтылған отбасынан 76 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Сілтемесі: <https://www.facebook.com/share/p/ToAoGuBd7ZeLkfZV/>

Әлеуметтік педагог:  Ж.Рахметова

Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп - лицей

2024-2025 оқу жылы

**Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мүшелерінің
асхана қызметіне рейд жұмысы**

